

Инновациялық жобалар – кітапханаларды жаңғыртудағы басты шарт (Н. В. Гоголь атындағы ОӘФК жобалық жұмыстарына шолу)

Ирина ИССЫК,

*Н. В. Гоголь атындағы Қарағанды
ОӘФК кітапханаларды дамыту бөлімінің
инновациялық-әдістемелік
жұмыстар жөніндегі аға кеңесшісі*



XX ғасырдың 90-жылдарында қоғамның барлық саласында, сонымен қатар кітапхана өмірінде де басқару стратегиясы мен жоспарлауға деген көзқарас басқа тұрғыдан қаралып, бағдарламалар мен жобалар кең қолданыс таба бастады. Кітапханашылар жұмыс барысында кездескен тақырыптық жоспарлаудың жаңа әдістеріне кез болды. Кітапханада республикалық деңгейде «Кітапханадағы өзгерістерді басқару» (1997 ж.), «Бюджеттен тыс қаржыландыру көздерін іздестіру» (1998 ж.), «Азаматтық қоғамдағы серіктестік: пікірталастан қимылға» (2001 ж.) оқыту семинарлары өткізілді. Облыстың ОКЖ үшін «Жоспарлау - басқарудың негізі» (1998 ж.), «Жобаларды басқару - кітапхана қызметіндегі жаңа бастама» (1998 ж.) оқу семинарлары өткізіліп, облыстық кітапхана өзіндік деңгейімен қатар, облыс кітапханаларының деңгейін арттыруда біршама жұмыстар атқарылды.

Тәжірибе көрсеткендей, жаңа жағдайда алға басудың негізгі тәсілі - мақсатты бағдарламаларды жүзеге асыру болып табылды.

Н. В. Гоголь атындағы ОӘФК бағдарламалық жобалық қызметі облыс кітапханаларының дамуына, кітапхана және кітапханашы беделін арттыруға, оқырман қажеттілігін қанағаттандыруға және көптеген мәселелерді шешуге бағытталған.

Кітапхана қызметінің бұл бағыты 1994 жылы Н. В. Гоголь атындағы ОӘФК кітапхана маркетингі бөлімінің алғашқы «Атамекен» бағдарламасының жасалған кезеңінен бастау алады. Бағдарламаның негізіне Ы. Алтынсарин атындағы ҒЗИ аспиранты Мұхамед Рақым Құрсабаев құрастырған «Атамекен» бағдарламасы алынды. Бағдарлама 27 бағыттан тұрды: «Салт», «Шежіре», «Шаһар», «Бабалар өсиеті», «Зерде» және т. б. Бағдарламаны жүзеге асыруда Қазақстан әдебиетін, туған өлке жайындағы кітаптарды, Қазақстанда тұратын өзге ұлттар туралы әдебиеттерді көпшілікке тарату мақсат етіп қойылды. «Сөнбес жұлдыздар» бағыты бойынша «Оралған есімдер: қазақ жазушылары мен ақындары», «Жастықтың жаршысы» (С. Ерубаев жайында) «С. Сейфуллиннің тайғақ жолы», «Ұрпаққа ұлағат» (Абайдың 150 жылдығына орай) және т.б. әдістемелік-библиографиялық

басылымдары жарық көрді. «Қазақстан: үш ғасыр шежіресі» көрсеткішінде «Шежіре», «Шаһар», «Зерде» тақырыптары кеңінен ашылды. Сонымен қатар «Қазақстанның көне қалалары», Қазақстанда тұратын өзге ұлттардың салт-дәстүрлері жайында «Даналық көзі» құралы және Қазақстанның тарихи тұлғалары жайында бірнеше құралдар жарық көрді. Облыс кітапханашылары үшін «Қазақ әдебиеті әлемі» облыстық семинары ұйымдастырылды. Бұл бағдарлама бойынша жұмыс ресми түрде аяқталғанымен, бұл бағыттарды насихаттау «Мәдени мұра» бағдарламасында өз жалғасын тауып келеді.

1997 жылы жасалған «Облыстық кітапхана - есте сақтаудың аймақтық орталығы» бағдарламасы алғашқы бағдарламалардың бірі болды. Бағдарлама аймақтың мәдени мұрасын жаңғыртуға, аймақ тарихындағы «ақтаңдақтарды» толықтыруға, топонимика, әдеби өлкетану мәселелерін қарастыруға бағытталды. Бағдарлама аясында «Біздің өлкеміз... Тарихқа саяхат», «Қарағанды облысына депортацияланған халықтар тарихына экскурс», «Әдеби Қарағанды», «Өлке топонимдері» сияқты басылымдар жарық көрді. Дәстүрлі іс-шаралармен қатар «Өлкетану» мәліметтер базасында жұмыс жасалып, «Сары-Арқа: on-line» веб-сайты құрылды. Қазіргі күнде бұл бағдарламаның үшінші кезеңінде 4 басылымнан тұратын «Өлкетану», Қарағандының 75 жылдығына орай екі тілде «Менің сүйікті қалам», облыстың 75 жылдығына орай «Қарағанды облысының шежіресі» сияқты «СБ көрсеткіштері» жарық көрді. Сонымен қатар «Қарағанды: адамдар, оқиғалар, деректер» толық мәтінді мәліметтер базасы жасалуда, бүгінде оның көлемі 3938 беттен тұратын 1377 құжатты құрайды және олар облыстық кітапхана сайтында көрсетіліп, үнемі жаңаланып тұрады. Облыс библиографтары үшін «Өлкетанудың жаңа үрдісі» тақырыбында семинар өткізіліп, алты орталықтандырылған кітапхана жүйесімен айырбас жасау жолға қойылды, бірақ облыстық кітапхананың «ИРБИС» бағдарламасына ауысуына байланысты жұмыс тоқтап қалды. Дегенмен, өлкетану бөлімі бұл мәселені жандандыру бағытында жұмыс жасап келеді.

Елбасының «Сыртқы және ішкі саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары» Қазақстан халқына жолдауында басты назарды ауылды жандандыруға бағыттау керектігін атап өткен еді. Ауыл кітапханалары жұртқа етене жақын болғандықтан, мәдени мұраларды, білімді жеткізуші және халықтың ақпаратқа еркін қол жеткізу конституциялық құқығының орындалуын қамтамасыз етуші болғандықтан, оларға жүктелетін жұмыс арта түсті. Облыстық кітапхана ұйымдастырған ауыл кітапханашылары форумында алғаш рет қазіргі ауыл кітапханасының Үлгісі ұсынылып, «Облыстық кітапхана - ауыл кітапханаларының ресурс орталығы» бағдарламасы жасалды. Бағдарлама аясында 2004 жыл соңында облыс бойынша 29 үлгілі кітапхана ашылды, облыстық бюджет 23 миллион 736 мың теңгені құрады. Бір кітапханаға орта есеппен 1 миллион 100 мың теңге бөлінді. Қазіргі күнде облыс бойынша 85 үлгілі кітапхана жұмыс істейді, оның 5-уі калалық кітапхана филиалдары.

Жаңа үлгілі ауыл кітапханаларының техникалық жабдықталуы кей жағдайларда аудандық орталық кітапханалардан біршама жоғары болды. Сол себепті 2003 жылы «Аудандық кітапханаларды автоматтандыру жобасы» жасалды. Жобада келесі мәселелерді шешу мақсат етіліп қойылды: аудан кітапханаларын компьютерлендіру, РАБИС негізінде электронды каталог құру, оқырмандарға интернет қызметін және басқа да компьютер қызметтерін ұсыну, аудандық орталық кітапханалардың электронды пошта арқылы кітапханаларды дамыту бөлімімен хабарласуын ұйымдастыру. Қазіргі уақытта жоба толығымен игеріліп, орындалды. Бүгінде электронды каталог жасаумен аудандық кітапханалар ғана емес, Нұра және Бұқаржырау аудандарының ауылдық кітапханалары да айналысып отыр. Бұл ОКЖ ауыл кітапханаларында өлкетану бойынша мақалалардың электронды каталогы құрылып, библиографиялық жазбалардың толыққанды байламалары жасалып жатыр. Электронды пошта да кеңінен пайдаланылады, аудан кітапханаларының әдістемелік бөлімдері е-mail бойынша облыс кітапханаларымен ғана емес, ауыл филиалдарымен де байланыс жасап отырады. Ұлытау аудандық кітапханасынан басқа барлық облыс кітапханалары интернетке қосылған. Кітапханаларға жаңа технологиялардың кеңінен еңгізіле бастауы кітапханашылардан жаңаша кәсіби көзқарасты, ақпараттық мәдениетті дамытуды, қосымша білімді игеруді мақсат етуді талап етті. Сол себепті 2003-2005 жж. есептелген «Облыс ОКЖ қызметкерлерінің қосымша кәсіби дайындығы бағдарламасы» жасалды. Бағдарлама аясында жыл сайын кітапхана мамандары екі ағымда облыстық мәдениет басқармасы жанынан облыстық кітапханалар негізінде біліктілігін арттыру курстарынан өтіп отырады, сонымен қатар кітапхана қызметкерлері үшін Н. В. Гоголь атындағы ОӘФК ашылған интернетке

баршаның қолжетімді болу орталығынды және

Е.Бөкетов ҚарМУ жанындағы IREX орталығында дербес компьютермен жұмыс істеу негіздері, сканерлеу, электронды пошта, интернетте ақпаратты іздестіру, WEB-дизайн сияқты тақырыптар бойынша тәжірибелік сабақтары өткізілді. Кітапханалардың оқырмандармен тығыз байланыс жасау нәтижесінде оқырмандар арасында «Менің отбасымның тарихы ел тарихында» және "Менің өмірімдегі кітап...: кітапханашылар оқырмандары жайлы», «Ауыл энциклопедиясы» шығармашылық конкурстары өткізілді, Оқуды қолдау конгресі аясында оқуға қызығушылықты арттыру мақсатында кітапхана бағдарламаларының фестивалы ұйымдастырылды.

2004 жылы Н. В. Гоголь атындағы ОӘФК құжаттарды цифрлау және консервациялау лабораториясын құру жобасын жүзеге асыруға бет бұрды. Өлке тарихы бойынша бірегей сақтандыру қорын жасау, оқырмандар үшін өлкенің бағалы және сирек кездесетін басылымдарын қолжетімді етуді ұйымдастыру және осы деректерді интернет арқылы көпшілікке ұсыну лабораторияның басты мақсаттары болып анықталды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін кітапхана келесі міндеттерді алға қойды: Қарағанды облысының кітапхана, мұрағат, мұражайларының өзарреттелуі мен бірігуі, соның нәтижесінде бар қорды қолжетімді ету; Орталық Қазақстанның маңызды мәдениет ескерткіштері тізімін қайта басып шығару үшін ретке келтіру, ерекше бағалы қолжазба, баспа және аудиовизуалды құжаттарды CD жазу; Қарағанды облысының құжаттамалық мұрасының электронды деректер базасын жасау. Жоба «Мәдени мұра» аймақтық бағдарлама аясына еніп, 2,5 миллион теңге көлемінде қаржыландырылды, А3 және А4 форматындағы 2 сканер, екі компьютер, бағдарламалық қамсыздандырулар алынды. Бүгінде жоба бойынша біраз жұмыс атқарылды, бес жарым мыңнан аса құжат цифрланды, оның 100-ден астамы кітап. Кітапхана сайтында «Сарыарқа» толық мәтінді мәліметтер базасы берілген. «Сарыарқа» цифрлы жинағы Қазақстанның Ұлттық Электронды Кітапханасының (ҰЭК) құрамдас бөлігіне айналды, бүгінде Қарағанды облысы бойынша ҰЭК-ге 19 толық мәтінді раритеттік өлкетану басылымдары енгізілген. «Қарағанды облысының шежіресі», «Қарағанды - менің сүйікті қалам» компакт-дискілері жасалды.

Жоба бойынша жұмыс үшінші жыл жүргізіліп келеді, бүгінгі күні жалпы саны 4000 беттен асатын 1,5 мыңнан аса құжат цифрланды. Жұмыстың саябыр жүруі қаражат көзінің бөлінбеуінен болып отыр, цифрлау жұмыстары қолда бар техникамен (облыс ОКЖ 12 сканер бар) ғана жүзеге асып отыр. Сонда да жұмыс нәтижесіз емес, «Туған жерге махаббатпен» (Бұқаржырау ОКЖ), «Осакаров ауданы: уақыт, оқиға, адамдар" (Осакаров ОКЖ), «Дорогая моя провинция" (Шахтинск ОКЖ), «Теміртау қаласының тарихы" (Теміртау

ОКЖ), «Хроникарождения города», «Қарағанды облысының қалалары» және «Қарағанды көмір бассейні» (Қарағанды ОКЖ) сияқты СО цифрлы жинақтары мен электронды каталогтағы толық мәтінді мәліметтер базасы жасалды.

Кітапхана стратегиясы бойынша кітапхана қорын мемлекеттік тілдегі нормативті-құқықтық құжаттармен, анықтамалар топтамасымен, терминологиялық сөздіктермен, әдістеме құралдарымен, оқу құралдарымен, мемлекеттік тілді оқыту бағдарламаларымен, қазақ тілін меңгеруде аса маңызды роль атқаратын көркем әдебиет шығармаларымен қамтамасыз ету маңызды сатыға көтерілді. Қазақ тіліндегі әдебиет қоры облыс бойынша 20,4%-дан (2001 ж.) 26%-ға дейін өсті. Пайдаланушылар үшін «Заң - Закон» құқықтық мәліметтер базасында қазақ және орыс тілдерінде қызмет көрсетіледі, қазақ тілінде электронды каталог жасалып жатыр. Сонымен қатар іс-қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізу қолға алына бастады, «Кітапхана ісі. Терминдік сөздігі» басылымға дайындық үстінде, кітапхана қызметкерлері үшін облыстық кітапханада бірнеше жыл қатарынан қазақ тілін үйрену курстары ұйымдастырылып келеді.

Қарағанды облысы Тілдерді дамыту басқармасы жанындағы тілдерді оқыту орталығында Н. В. Гоголь атындағы ОӘҒК 13 қызметкері үш айлық курсынан өтіп, сертификаттарға ие болды. Шахтинск, Саран, Балқаш және т. б. ОКЖ кітапхана қызметкерлері де осындай бір айлық курстарда оқыды. Орыс тілді кітапхана қызметкерлерінің арасында «Қазақшаңыз қалай?» конкурсы өткізілді және ол «Қазақ тілі: менікі, сенікі, біздікі» бағдарламасы аясында болды. Конкурса ОКЖ, Н. В. Гоголь атындағы ОӘҒК және зағип және нашар еститін азаматтарға арналған облыстық арнайы кітапханасынан барлығы 11 кітапханашы қатысты. Кітапханашылар «Таныстыру», «Сұхбат», «Өлең жарыс», "Қос тіл-қос қанатың", «Сөз таным» конкурстарынан өтіп, қазақ тілінде дикуант жазды. Қазылар алқасының шешімі бойынша Гран при Балқаш ОКЖ ОБК кітапханашысы М. А. Әбілқасоваға берілді. Мария Анатольевнаң ұлты украин, күйеуі - қазақ. Бірінші орынды Н. В. Гоголь атындағы ОӘҒК кітапханашысы Е. Б. Кирсанова, екінші орынды Саран ОКЖ кітапханашысы Н. М. Смирнова, үшінші орынды Бұқаржырау ОКЖ Новоузенка ауылының кітапханашысы М. Н. Масалова иеленді.

«Английский язык и библиотека. Языковое обучение на протяжении всей жизни» бағдарламасының орындалу мерзімі 2008-2011 жылдар аралығы деп белгіленген. Бағдарлама ағылшын тіліндегі жиынтықтармен жасақтауға, ағылшын тілін үйренуге қызығушылықты арттыруға және кітапхана қызметкерлерінің шет тілдерін меңгеруге деген талпынысын қолдауға бағытталған. Бағдарлама аясында «Н. В. Гоголь атындағы ОӘҒК америкалық ақпараттық қор орталығы облыстың ОКЖ қонақта» кіші жобасы

жасалып, ақпараттық керуен жасақталды. Қазақстан Республикасындағы АҚШ елшілігі 2008-2009 жылдарға 1200 доллар көлемінде қаржы бөліп, бұл ақшаға магнитті тақта, сөздіктер, СБ алынды. Ақпараттық керуен 2008 жылдың сәуірінде Шахтинск қаласынан бастау алып, екі жылда Абай, Теміртау, Саран, Сәтпаев, Нұра орталықтандырылған кітапхана жүйелері мен Жезқазғанға саяхат жасап келді. Кітапханаларда АҚШ Бейбітшілік Корпусының волонтерлері Блейк Кент, Патриция Хоук, Томас Монтагью және т. б. ағылшын тілі мұғалімдерімен, студенттермен, оқушылармен сабақтар өткізді. Блейк Кент екі жыл қатарынан Н. В. Гоголь атындағы ОӘҒК волонтерлік қызметін атқарды. Ақпараттық керуен болған кітапханаларда «америка сөрелері» жасалды.

2010 жылы керуен шеруін Қаражал, Балқаш, Саран қалалары мен Бұқаржырау және Қарқаралы аудандарында жалғастырмақшы. «Английский язык и библиотека. Языковое обучение на протяжении всей жизни» бағдарламасын «Окно в Америку» ағылшын тіліндегі әдебиеттер қорын жасақтау шағын бағдарламасы толықтырады. Бағдарлама сұранысы көп ағылшын тіліндегі басылымдарды анықтап берді, олар - «American» энциклопедиясы, АҚШ тарихы мен географиясы, экономикасы мен бизнесі, заңнамалық және құқықтық мәселелеріне байланысты әдебиеттер, американдық авторлардың көркем және деректі әдебиеттері, TOEFL, ORE, GMAT халықаралық емтихан-тестеріне дайындыққа қажетті құралдар, АҚШ оқу орындары бойынша анықтағыштар, сөздіктер, әдебиеттер, мультимедиялық қорлар жиынтығы, бейнематериалдар, DVD фильмдер, оқытушылар мен жоғарғы оқу орындары студенттерінің біліктілігін арттыру үшін қажетті плакаттар, фотосуреттер, басылымдар, электронды жиынтықтар (Word Almanah & Book of Facts, белгілі адамдардың өмірі жайында және тарихи құжаттардың толыққанды мәліметтері). Кітапхананың жалпы қорындағы ағылшын тіліндегі басылымдар қор үлесін 1,5% ұлғайтуда жоспарланып отыр. Жыл сайын Америка ақпараттық қор орталығы 200 долларға әдебиет алып отырады, қазіргі күнде барлық басылым түрлерінің 500-ден астам данасы алынды.

Жобалық жұмыс кітапхана қызметінің бағытын анықтауда маңызды орын алады. Бүгінгі таңда кітапханашыларымыз бағдарламалық-жобалық жұмыс бойынша біршама тәжірибе жинақтап алды деуге болады. Мақала аясының тарлығы барлық жасалған бағдарламалар мен жобаларды атап өтуге мүмкіндік бермеді. Сонымен қатар, өкінішке орай, ұсынылған барлық жобаларымызбен бағдарламаларымыз қаржыланбай қалды. Дегенмен, кітапхана белгілі дәрежеге көтеріліп, жаңа асуларды бағындыруға әрқашан дайын деуге болады.

Аударған: Кітапханаларды дамыту бөлімінің әдіскері Б. Уатаева